



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



«ДИПЛОММЕН – АУЫЛҒА!»:

Баспана салуға субсидия беру кедергілерді жояды



Бүгінде ауылдан біржола тамыр үзіп қалмау өзекті мәселеге айналды. Алыптардың көбі ауылда дүниеге келгенін ескерсек, болашақта бұл үрдістің жібі үзілмес үшін мұнда ұлттық мәдениеттің ошағы, заманауи білімнің бастауы сақталуы тиіс. Осыны ескерген мемлекет 2009 жылы «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасын іске қосқан болатын. Ондаған жыл ішінде аталған бағдарлама сан өзгеріп, берілетін қаржы мен қайтарым жолы түрленді. Міне, биыл да жобадан айтарлықтай жаңалық көп.

Мойындау керек, 15 жылға жуық уақытта бағдарлама ауыл-аймақтардағы кадр жетіспеушілігін шешуге түрткі болды. Дерек бойынша 2009-2022 жылдар аралығында 95 мыңнан астам маман 17 млрд теңгеге көтерме жәрдемақы алған. 45 мыңнан астам маманға баспана сатып алу үшін 142,5 млрд теңге бюджеттік несие берілген. Ал биыл мамандарға баспана бақытын сыйлау үшін қазынадан 30 млрд теңге бөлінетті.

Тиісті ведомствоның мәліметтерін шолып шығып, 8 моно және 9 шағын қалада 29 жобаны іске асыру қарастырылғанын білдік. Жауапты мекеме осы жылы Астана мен республикалық маңызы бар қалаларды дамыту, сондай-ақ Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру жөніндегі заң жобалары әзірленетінін атап өткен.

ОБЛЫСТАҒЫ АХУАЛ ДА КӨНІЛ КӨНШТЕДІ

«2022 жылдың қаңтар айынан 2023 жылдың желтоқсан айына дейінгі аралықта ауылдық елді мекенде жұмыс істеу үшін Қазалы ауданында 306, Қызылорда қаласында 220, Сырдария ауданы 199 маманға көтерме жәрдемақы берілді. Ал тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие беру бойынша Қазалыда 377, Шиеліде 177, Жаңақорғанда 135 және Қармақшыда 115 маманға қызмет көрсетілді. Талдау нәтижесі көрсеткендей, әлеуметтік қолдауды білім саласының – 1164 (60%) және денсаулық сақтау саласының – 520 (26,8%) маманы алып, көш бастап тұр», – дейді ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер басқармасының бас маманы Зухра Арынова.

Жақында тағы бір маңызды жаңалық тарайды. Осы жылдың 15 қаңтарынан бастап бағдарлама шырайын кіргізетін өзгеріс енді және ол көптің көңілінен шығады. Енді ауылда жалға берілетін тұрғын үй салғысы келетін жұмыс берушілерге мемлекет қолдау көрсетпек.

Субсидиялық көмек 5 млн теңгені құрайды. Бұл қаржы 75 шаршы метрден 100 шаршы метрге дейінгі тұрғын үй құрылысының шығынын жабады. Мүмкіндікке ие болу үшін жұмыс берушілер жұмысшымен 5 жылға еңбек шартын жасасуы керек. Жұмыс берушілер тұрғын үй салуды жоспарлап отырған ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің тізімін жергілікті атқарушы органдармен айқындап бекітеді.

«Алайда бұл тізімге аудан орталықтарының және облыс орталықтары, моно және шағын қалалар немесе агломерациялардың, қаладағы аудандардың құрамына кіретін 30 шақырым жерде орналасқан ауылдар, кенттер мен ауылдық округтер кірмейді» делінген хабарла.

Жоғарыда айтқанымыздай, бағдарламаның шарапатын жастар көріп жатыр. Жоба іске қосылған жылдар ішінде 80-100 мыңға тарта жас ауылға тартылған екен. Оның үстіне Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл бағдарламаны назардан тыс қалдырмай, қаржыландыруды қадағалауда ұстауда. Бұл – жастарға жасалған игілік.

Р.МАҚСҮТ

АУЫЗСУ ТАПШЫЛЫҒЫ: БҮГІНДІ ЕМЕС, БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАДЫҚ ПА?

Жасыратыны жоқ, ауызсуды есепсіз пайдаланатын елміз. Ғалымдар, су мамандары келешекте ауызсу тапшылығынан зардап шегеміз деп дабыл қақса да елең етпейміз. Тіпті жаздығүні есік алдындағы бақшаға ауызсу пайдалану дағдылы әдетке айналып кеткені өтірік емес. Қалай айтқанда да, су қадірін түсіне қоймағанымыз шындық.



БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының баяндамасындағы мәлімет елең еткізбей қоймайды. Онда болашақта су тапшылығынан әлемде 3 млрд-тан астам адам зардап шегетіні жазылған. Сарапшылар мұны халық санының өсуімен байланыстырады.

Халық саны өсуде. Алайда жан басына шаққандағы пайдаланатын тұщы су қоры 20 пайызға азайған. Су тапшылығы әлем бойынша, әсіресе Солтүстік Африка мен Батыс Азияда қатты сезілуде. Жалпы су тапшылығы әлем елдерін алаңдатып отырған мәселе.

Соңғы жылдары әлемде суды көбірек тұтыну өсе түскен. Сарапшылар мұны халық санының өскенінен бөлек, адамдардың жақсы өмір сүруге ұмтылысы мен диеталық тағамдарға бет бұра бастауы да суды көбірек тұтынуға әсер еткенін айтып отыр. Бір қарағанда тым қарабайыр себеп сияқты көрінгенмен, бұл кейбір елдердегі су тапшылығы мәселесіне айналуда. Сарапшылар атап көрсеткендей, халқы тұтыну рационын өзгерткен, яғни дәмді дақылдарды күнделікті жиі пайдалануға бет бұрған Бразилия, Қытай, Индия елдерінде күнделікті су тапшылығы сезілуде және бұл мәселе көкейтесті проблемаға айналуда.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласы, мал шаруашылығымен айналысатын елдер үшін су жылдан-жылға қат дүниеге айналмақ. Мамандар алдын ала болжағандай, келешекте барлық егістік жердің шамамен 11 пайызы және барлық жайылымдардың 14 пайызы құрғақшылыққа ұшырайды, ал суармалы егістік жердің 60 пайызы су тапшылығына тап болады. Осы орайда әлем үшін назар аударарлық жаңалықтың бірі – АҚШ-та су фьючерсімен сауда жасай бастады (Фьючерс – тауарды белгілі бір мөлшерде келісілген бағамен көрсетілген кезең бойынша жеткізу жөніндегі келісімшарт). АҚШ-тың мұндай қадамға баруына соңғы кезде жиі қайталанған орман өрттері және Калифорниядағы құрғақшылық әсер еткен.

Осылайша өткен жылы сумен сауда-саттық Чикаго биржасында ресми түрде басталды. Осыдан кейін сарапшылар бұл суды жаңа валютаға айналдыруға бағытталған қадам емес пе деген болжам жасай бастады. Француз суретшісі Фабьен Бушар бұл жағдайды өз шығармашылығына арқау етті. Су тамшысын бейнелеу арқылы көпшілікке су банкнотын ұсынып, «Су бағасы» деп атады. Суретші бұл туындысына «су да алтын сияқты сенімді инвестицияға айналады», – деген пікір білдірген.

2-БЕТТЕ

Қызылорда қаласының әкімі Серік Қожаниязов мүмкіндігі шектеулі азаматтардың басын біріктіріп отырған бірлестік жұмыстарымен танысты. Мүмкіндігі шектеулі жандардың мұң-мұқтажын, әлеуметтік мәселелерін тыңдап, қаланың тұрмыс-тіршілігімен танысқан шаһар басшысы алдымен «Қазақ саңыраулар қоғамының» облыстық филиалына барды. Айта кетейік, саңыраулар қоғамы естуі бойынша мүгедектігі бар адамдармен жұмыс істеу арқылы олардың өтінішін тыңдап, заңды құқығын қорғауды және әлеуметтік оналтуды жүзеге асырады. Мүгедектігі бар жандарды қоғамдық өмірге бейімдейді.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫҢ МҮМКІНДІГІ



«Қазақ саңыраулар қоғамының» облыстық филиалына қарасты 187 мүгедек болса, оған ымдау тілінің 17 маманы қызмет көрсетеді. Биыл қоғамдық бірлестік 10 мүмкіндігі шектеулі жанды жұмыспен қамтыған. Қоғамдық бірлестік төрайымы Алтынқұл Аяпова басқа ортадан келген адамдар есту қабілеті нашар адамдармен жұмыс істей алмайтынын айтады. Бүгінде мемлекеттен әр есту қабілеті нашар жанға 220 000 теңге жәрдемақы беріледі. Өз кезегінде мүмкіндігі шектеулі жандар қала әкіміне өздерінің мұң-мұқтажын жеткізді.

– Бізге құрылыс заттарын алып берсеңіздер екен. Өз күшімізбен ғимарат саламыз. Қолымыздан жиһаз жасау да, жер тегістеу де, үй салу да келеді. Тек барлығы қаржыға келіп тіреледі, – деген мүгедек жандардың өтініш-сауалын сурдоаудармашы қала әкіміне жеткізді. Шаһар басшысы бұл мәселенің заң шеңберінде шешілетінін айтты.

4-БЕТТЕ

«ЕЛІМ-АЙ» ҚОЖАБЕРГЕНДІКІ БОЛМАЙ ШЫҚТЫ ҒАЛЫМДАР ОСЫЛАЙ ДЕЙДІ

3-БЕТТЕ



АУЫЗСУ ТАПШЫЛЫҒЫ: БҮГІНДІ ЕМЕС, БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАДЫҚ ПА?

Тұтынушыларды үздіксіз ауызсумен қамтамасыз ету үшін қыс мезгілінде тәулігіне 40-42 мың, ал жаз айларында 80-100 мың текше метр ауызсу өндіріліп таратылуда. Яғни жаз мезгілінде ауызсу қажеттілігі 3 есеге артады. Жазда тәулігіне 95-100 мың текше метрге дейін су берілді, оның ішінде 62-63 мың текше метр ауызсу жерасты су қорынан, қалған 37-38 мың текше метр ауызсу жерүсті су алу көзінен өндірілді. Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмен түсуі ауызсумен қамтамасыз етуде өз кедергісін келтірді. Себебі жаз айларында ұңғымалардың барлығы іске қосылғанымен ауызсу қысымын көтеруде қиындықтар туындайды. 2023 жылы Сырдария өзенінен 4,6 млн текше метр су алынды, ауызсу ұңғымаларынан 12,6 млн текше метр алынды.

Басы 1-бетте

Мамандар Калифорниядағы су тапшылығын халқы тығыз орналасқан ауылшаруашылықты аймақ екендігімен байланыстырады. Судың 50-60 пайызын ауыл шаруашылығы саласына жұмсайтын калифорниялықтар үшін су тапшылығы жылдан-жылға арта түспесе, кемірек емес. Төтенше жағдай жиі болатын Калифорнияда суға деген сұраныс мөлшері жыл сайын арта түспек. Осыдан келіп бұл елде су нарығындағы жағдай өзгерген. Бұл жағдай инвесторларға мүмкіндік берді. Мамандар мұны жақсы идея деп бағалайды. Су фьючерстері фермерлерге су шығынын жоспарлауға, түрлі тәуекелдерден сақтандыруға мүмкіндік береді екен. Әрине, бұл барлық елге бірдей емес. Су нарығында әр ел өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы арқылы шешім қабылдайды. Әр ел су ресурстарына бағасын өзі анықтайды. Бір сөзбен айтқанда, сарапшылар пікірі осыған саяды.

Мамандардың айтуынша, су фьючерстерін мұнай немесе газ фьючерстерімен салыстыруға келмейді. «Біріншіден, таза су – бұл жер бетіндегі жағыз ресурс, оған қол жеткізу құқығы БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен адамның негізгі құқықтарының бірі ретінде ресми түрде бекітілген», – деп жазады Еуропалық және халықаралық кешенді зерттеулер орталығының директоры Анастасия Лихачева.

БҮГІН МЕН БОЛАШАҚ

Сонымен, ауызсуды үнемді пайдалануға деген көзқарасымыз қандай? Жо-жоқ, атай көрменіз, әзірге суды үнемдеу ойымызға да кіріп шықпайды. Жарты сағат су ақпай қалса, тіршіліктен құр қалатындай дабыл қағатын біздер әзірге судың келешегі, судың да сұрауы бар екенін ойламаймыз. Дегенмен елдегі су мәселесі туралы айтқанымыз жөн.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстанда ауызсу тапшылығы жоқ. Жыл сайын елдегі өзен су ресурстарынан өндірілетін су көлемі шамамен 102 текше шақырымды құрайды. Бұл жерасты суларының қорын есептемегендегі мәлімет. Ал коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер барлық су көлемінің 4,3 пайызын пайдаланады. Яғни әзірге елде ауызсу тапшылығы деген мәселе жоқ. Бұл қазіргі жағдай. Ал келешекте? Өткен жылы мәжіліс депутаты Сергей Пономарев Парламент қабырғасында ауызсуды үнемдеуді мәселе етіп көтерді. Депутат БҰҰ-ның алдағы 15 жылда елімізде су тапшылығы болатынын, ал 2025 жылы бұл тапшылық үш есеге артатынын алға тартты. Мәжіліс депутатының пікірінше, халық суды үнемдеп пайдалануға дағдыланбаған. Тіпті қаперіне де кірмейді.

Әрине, дәл қазір ауызсудан тапшылық көріп отырған жоқпыз. Алайда келешекте су қатқа айналатынын әлемдік деңгейде де, ел Президенті тарапынан да айтылуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2050 жылға қарай Қазақстан суға мұқтаж елдің қатарына енуі мүмкін екенін айтқан болатын. Өткен жылы жазда Астана қаласының өзінде ауызсу мәселе болғанын ұмытқан жоқпыз. Көпқабатты үйлерде су қысымы азайып, жергілікті атқарушы билік мұны елорданың күн сайын қарқынды өсіп жатқанымен байланыстырды. Өткен жылы маусымда бұл мәселе жана сорғы станциясын іске қосқаннан кейін шешімін тапты.

Ел Президенті Жолдауында 2040 жылы Қазақстанда су тапшылығы 12-15 млрд куб-ка жетуі мүмкін екенін айтып, елде су министрлігін құру қажеттігін атап айтқан еді. «Бір сөзбен айтсақ, суды барынша үнемдеуіміз қажет. Оған қоса судың «көлеңкелі» нарығы түбірімен жойылуға тиіс. Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су дегеніміз – үнемдеп пайдаланба, тез таусылатын шектеулі ресурс. Онсыз шаруалардың күні қараң. Сол себепті бұл салада заңсыздыққа жол берілмейді. Талапқа бағынбайтындар қатаң жазаға тартылады. Еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе металдан кем емес. Су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту мәселесімен дербес мекеме айналысуы қажет деп санаймын. Сондықтан Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылады», – деді Мемлекет басшысы.

ЕСЕП ПЕН ҮНЕМ

Су тапшылығының алдын алу мәселесін халық қалаушылары жиі көтеріп жүр. Өткен жылы «Атапан» партиясында мәжіліс депутаттары су мәселесін әбден талқылағаны партия сайтында жарияланды. Мәжіліс депутаты Еділ Жанбыршин елімізде су әлі де құнды тауар ретінде бағаланбайтынын, сол себепті де онды-

солды пайдалану әлі тыйылмай келе жатқанын мәселе етіп көтерді. «Бизнес өкілдері де су үнемдеуге құлықсыз. Мәселен, көлік жуатын орталықтар суды қайтадан пайдалану технологиясын қолданудың орнына таза ауызсуға иек артады. Өндіріс орындарында да суды қайтадан пайдалану деңгейі өте төмен. Қолда бар мәлімет бойынша, бүгінде өндірістік кәсіпорындардың 30 пайызы ғана суды қайтадан пайдаланады», – дейді депутат.

Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев саланы цифрландыруға қанша қаржы бөлінсе де нәтижелі жұмыс жоқ екенін алға тартады. «Қазақстанда су саласын цифрландыру жұмысы 14 жылдан бері жүргізіліп келеді. Оған 10 жылда 1 трлн теңгеге жуық қаржы бөлінді. Алайда іс жүзінде саланың небәрі 1%-ға жетер-жетпес бөлігі ғана цифрландырылды. Яғни тиісті датчиктер де, «Қазушармен» тығыз байланыс та жоқ. Жалпы елімізде су саласына қатысты қордаланып қалған мәселе өте көп. Ең бастысы, суды үнемдеуге, тиімді пайдалануға деген ұмтылыс болмай отыр. Ширек ғасырдан кейін ұрпағымыз дәл осы су тапшылығының зардабын тартуы ықтимал. Су үшін сұмдық талас болады. Бұл – құр сөз, негізсіз жорамал емес, БҰҰ-ның болжамы. Егер ел болып, жұрт болып суды үнемдемесек, тиімді пайдаланбасак осындай жағымсыз жағдайға тап боламыз», – дейді ол.

Арал теңізі мен Сырдария өзенінің қазіргі жағдайына тоқталған мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов су ресурстарын тиімді басқару қажеттігін айтты.

«Елу жыл бұрын «Арал» теңізінде 990 млрд текше метр су болған еді. Сексенінші жылдары «Мемлекеттік жоспар» деп аталатын ірі мекеме аталған теңізге 3 млрд текше метр су бөліп отырды. Себебі «Аралдағы» су жыл сайын дәл осындай мөлшерде буланады. Олай болмаған жағдайда теңізден мүлдем айырылып қалатын едік. Осыдан 12 жыл бұрын 100 млн доллар жұмсап, 27 млрд текше метр судан тұратын кіші «Аралды» салдық. Ал 27 млрд текше метр су – «Шардара» су қоймасындағы су мөлшерінің бесеуі деген сөз. Сондықтан су ресурстарын тиімді басқару мәселесіне әрдайым жіті мән беру қажет», – дейді М.Жайымбетов.

СУДЫҢ ҚАДІРІН ДЕ, ҚАСІРЕТІН ДЕ СЕЗІНЕТІН КЕЗ КЕЛДІ

«Ауызсуды тиімді пайдалану мақсатында не істеуіміз керек?» деген сұрақты өңірдегі су мамандарына қойдық. «Қызылорда су шаруашылығы» өндірістік учаскесінің басшысы, облыстық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетов тұрғындар әлі де суды үнемді пайдалануды үйренбегенін айтты.

– Мемлекет басшысы өткен жылғы Жолдауында әлем дабыл қағып жатқан су тапшылығы мәселесі бізде де болатынын атап айтты, бұл мақсатта арнайы су министрлігін құруға тапсырма берді. Өткен жылы жана министрлік құрылып, жұмыс істеп жатыр. Жаңадан Су кодексі әзірленіп, қазір Парламенттің қарауында. Қазақ «судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған ғой. Су тапшылығы әлем бойынша дабыл қағарлық мәселе екені белгілі. Мәселен, әр адам күніне 200-250 литр су тұтынатын болса, Африканың әр тұрғынына күніне 10-15 литр су зорға жететінінен-ақ әлемдегі жағдайды бағамдай беруге болады. Бұл біздің де суды пайдалануға жана ша қозғарас қажет екенін ұқтырады. Шынын айтқанда, судың қадірін де, қасіретін де сезінетін кез келді. Біз әлі де суды телегей-теңіз, есепсіз пайдаланып жатырмыз. Ауызсуды техникалық мұқтаждықтарға да ретсіз пайдаланатынымыз баршаға аян. Мәселен, күн сайын көлік жууға, жаз болса, есік алдындағы бақшаға ауызсуды пайдаланамыз. Суды тиімді пайдалануды ретейтін жана құжат қабылданған кезде саладағы бірз мәселе шешімін табады деп ойлаймын. Атап айтқанда, ауызсуды тиімсіз пайдаланғандар үшін айыппұл салу, ескертуге көнбеген жағдайда қатаң шешім қабылданады. Алдағы уақытта біз ауызсуды тек өз мақсатына, ал басқа мақсаттарға техникалық суды пайдалануға келуіміз керек. Бұл мақсатта қалада биотазалау станциясы бұған дейін іске қосылғанмен, оның нәтижесін әлі көре қойған жоқпыз. Алдағы уақытта бұл мәселе де шешімін табуы тиіс. Себебі жаңадан құрылған су және ирригация министрлігінің негізгі мақсаты – ауызсуды да, аяқсуды да тиімді пайдалануды қадағалау. Бұл орайда «Арал-Сырдария бассейні инспекциясы» мекемесінің құзиреттілігін күшейтуде, – дейді ол.

«ЕЛІҢ ҮШІН НЕ ІСТЕДІҢ?» ДЕГЕНДЕ, ЕҢ БОЛМАСА СУДЫ ҮНЕМДЕДІМ ДЕСЕК ЕКЕН

Техника ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің су шаруашылығы және жерге орналастыру кафедрасының профессоры Серікбай Өмірзақов әр азамат суды үнемдеуді үйренсе екен дейді. Ғалымның пікірінше, суға жай су деп қарамау керек, ол – адамның денсаулығы, қоршаған ортаның жайлылығы. Қазақ айтқандай, «сулы жер – нулы жер».

– Жалпы адамзат баласының табиғи ресурстарды шексіз пайдалану нәтижесінде бүгінгі күні Жер планетамызда үлкен климаттық өзгерістер, дағдарыстар, экологиялық апаттар болып жатыр. Соның ең бірегейі де, басты мәселесі осы су ресурстарына тікелей байланысты. Біздің аймақ шөлді аймаққа жатады. Шөлді аймақта жауатын жаңбырдың мөлшері өте аз. Атап айтқанда, Сыр өңірінде жылына жауатын жаңбыр мөлшері 120-150 мм, ал буланып ұшуы он есе көп, 1200 мм ылғал су жер бетінен ұшып кетеді. Сондықтан барлық уақытта біздің табиғатта судың жетіспеушілігі аңғарылып тұрады. Орталық Азия мемлекеттерінің барлығы Амурдария мен Сырдария өзенінің суын дұрыс пайдаланбауының нәтижесінде алдағы уақытта

Елу жыл бұрын «Арал» теңізінде 990 млрд текше метр су болған еді. Сексенінші жылдары «Мемлекеттік жоспар» деп аталатын ірі мекеме аталған теңізге 3 млрд текше метр су бөліп отырды. Себебі «Аралдағы» су жыл сайын дәл осындай мөлшерде буланады. Олай болмаған жағдайда теңізден мүлдем айырылып қалатын едік. Осыдан 12 жыл бұрын 100 млн доллар жұмсап, 27 млрд текше метр судан тұратын кіші «Аралды» салдық. Ал 27 млрд текше метр су – «Шардара» су қоймасындағы су мөлшерінің бесеуі деген сөз. Сондықтан су ресурстарын тиімді басқару мәселесіне әрдайым жіті мән беру қажет.

су тапшылығы өрши түсетіні болжанып отыр. Жер беті суларының азаюы тікелей жерасты суларына да әсерін тигізеді. Сонымен қатар бүгінгі күнге дейін Сырдария өзені суын ауызсу ретінде пайдаланып келсек, өзен суына көптеген ауыл шаруашылығы саласында, өндірісте пайдаланған лас сулардың тазаланбай тас-талуынан химиялық өзгерістер болып, денсаулығымызға қауіп төндіруде. Ал жерасты суы таза. Дегенмен кейбір көрсеткіштері тікелей пайдалануға келе бермейтін жағдайлары бар. Әрине, алдағы 30-40 жылда су тапшылығы болмауы тиіс, дегенмен суды үнемдеу мәселесі күн тәртібінен түспейді. Мысалы, өңірде жазда аяқсу жетіспеушілігінен көптеген жағдайда ауызсуды пайдаланамыз. Сол себепті аяқсу мәселесін шешу арқылы ауызсуды тиімді пайдалануға болады. Қай жылдары жергілікті билік жерасты суларын бақшаға пайдалану жағын қарастырған еді. Бұл жұмыс барлық елді мекенде жалғасуы керек. Әр адам «ақшасын төлеп жатырмын» деген ұстанымда емес, суды аса құдіретті, қасиетті, жер бетіндегі тіршіліктің көзі деп бағалау керек. Мектептерде, оқу орындарында суды тиімді пайдалану жөнінде арнайы курс өнгізу қажет. Егінді суару, топырақты шаю таза сумен жүргізіледі. Жана технологияларды өндіріске енгізсек, суды тиімді пайдалануға әсерін тигізеді. Әрбір үнемделген су – біздің денсаулығымыз. Сырдария өзенінен су Арал теңізіне неғұрлым көбірек құйылса, ол су ғана емес, тынымсыз жұмыс істеп жататын, ауаның ылғалдылығын қалыптастыратын тіршілік көзі екенін ойлауымыз керек. Сондықтан әрбір қарапайым тұрғын елге пайдасын тигізу үшін ең болмаса суды үнемді пайдаланса екен деймін. Қаламызда көлік жуу орталықтары ауызсуды пайдаланады. Мұндай кәсіп ашқандар жерасты суын пайдалану керек. Бұл кезек күттірмейтін мәселе деп санаймын, – дейді ғалым.

СУ ЖҮЙЕСІ: САН МЕН САПА

Су мәселесі қозғалғанда облыс орталығында да түйткілді мәселелер бар екенін айта кеткеніміз жөн. Әсіресе жаз мезгілінде ауызсу қысымының азаюы, аяқсу жетіспеушілігі және ауызсу сапасына да сын айтылып жатады. Орайы келгенде қаланы сумен қамту жайын «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорнының басшысы Бауыржан Әбдіғаппарұлынан сұрадық.

– Тұтынушыларды үздіксіз ауызсумен қамтамасыз ету үшін қыс мезгілінде тәулігіне 40-42 мың, ал жаз айларында 80-100 мың текше метр ауызсу өндіріліп таратылуда. Яғни жаз мезгілінде ауызсу қажеттілігі 3 есеге артады. Жаз мезгілінде тәулігіне 95-100 мың текше метрге дейін су берілді, оның ішінде 62-63 мың текше метр ауызсу жерасты су қорынан, қалған 37-38 мың текше метр ауызсу жерүсті су алу көзінен өндірілді.


Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмен түсуі ауызсумен қамтамасыз етуде өз кедергісін келтірді. Себебі жаз айларында ұңғымалардың барлығы іске қосылғанымен ауызсу қысымын көтеруде қиындықтар туындайды. 2023 жылы Сырдария өзенінен 4,6 млн текше метр су алынды, ауызсу ұңғымаларынан 12,6 млн текше метр алынды, – дейді мекеме басшысы.

Кәсіпорын басшысының айтуынша, алдағы уақытта қала тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін жерасты су қорына толықтай қошуға тиісті жұмыстар атқарылуға. Қолданыстағы 105 жерасты көзін су алу ұңғымаларының 57-і 2011-2012 жылдары жаңадан бұрғыланып, пайдалануға берілген. Бұл ұңғымалардан ауызсуды өндіріп пайдалануға ҚР Минералды Ресурстар және Энергетика Министрлігімен келісімшарт бойынша тәулігіне 83 мың текше метрге дейін су алуға рұқсат берілген.

Бүгінде қала халқының өсіп, шағын аудандардың көбеюіне орай ауызсу қажеттілігі де артып отыр. Сұранысқа сай өткен жылы Бәйтерек шағын ауданында 7 ұңғымалдан тұратын су алу құрылысын салынып, пайдалануға берілген. Сондай-ақ Қызылжарма тұрғын ауданынан 3 ұңғыма, Титов қыстағынан да дәл осындай 3 ұңғыма құрылысына тиісті құжаттар әзірленіп жатса, сол жағалау тұрғындарын ауызсумен қажетті деңгейде қамтамасыз ету үшін «Тораңғысай» су ұңғымасын іске қосуға жоба-сметалық құжаттары дайындалуда. Мекеме қаланы сумен қамтып ғана қоймай, заңсыз су пайдаланушыларды да анықтау жұмысын жүргізуде. Бауыржан Әбдіғаппарұлының айтуынша, мекеменің қадағалау және бақылау тобы жеке және заңды тұлғалармен жұмыс бөлімінің аумақ бастықтарымен бірлесіп отырып, заңсыз су пайдалануды анықтау мақсатында жұмыстар атқарады. 2024 жылы 897 заңсыз су тұтынушы анықталып, нәтижесінде 16 млн теңгеге қайта есептеме жасау арқылы заңдастырылған.

P.S. Әлемдік жағдай, тіпті елдегі құрғақшылық пен су тапшылығы салаға жана ша қозғарас қажет екенін дәлелдей түсті. Бұл ретте ғылыми тұрғыдан шешім қабылдау маңызды.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА



Қорытындыны қандай ғалымдар жасады?

«Елім-ай» – өткен тарихтан хабар беретін қазақ үшін өте құнды туынды. Сол себепті де бұл шығарманы зерделеп, сараптауға екінің біріне жол берілмейтіні белгілі. Бірақ сонда да авторына қатысты екішты пікірдің ақиқатына жету үшін мамандар зерттегенді жөн санапты. Мамандар болғанда да атағынан ат үркітін кәнігі мықты ғалымдар. Олардың қатарында ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры К.И.Матыжанов, ҚРҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.А.Қасқабасов, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әзібаева, филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Ысқақ, филология ғылымдарының докторы, профессор К.Мәдібаева, филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Керім, филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Медетбек, филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Сейітбек, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Қ.Алпысбаева, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Әуесбаева, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Т.Қыдыр, өнертану кандидаты, доцент А.Қазтуғанова, магистрант Н.Елесбай сынды елге белгілі ғалымдар бар.

Нақтырақ айтсақ, ҚР МСМ Мәдениет комитеті мен Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына «Елім-ай» туындысына байланысты сұрау жолдаған. Институт басшылығы ғалымдардан арнайы комиссия құрып, «Елім-ай» дастанының қолжазбаларына кодология-мәтінтанулық талдау жасап, сараптау қорытындысын дайындаған.

Қолжазбаны кімдер өткізген?

Мәліметтерге сүйенсек, ғалымдар әдебиет және өнер институтына 1981 жылы Мәди Болатов өткізген (№853/1 бума, 10-дөптер) және 1983 жылы Қаратай Бигожин тапсырған (№883-бумадағы (5-дөптер) қолжазбаларды зерделеген.

«ЕЛІМ-АЙ» ҚОЖАБЕРГЕН ДІКІ БОЛМАЙ ШЫҚТЫ ҒАЛЫМДАР ОСЫЛАЙ ДЕЙДІ

Ғалымдар алдымен М.Болатовтың қолжазбасын саралаған. Олардың айтуынша, №853/1 бумада (10-дөптер) сақталған қолжазбаны 1981 жылы Мәди Болатов институттың қолжазба қорына тапсырған. Мәтін шапқак жолды оқушы дәптеріне көк сиялы қаламмен араб-төте әріпінде жазылған. Жинаушы мәтінді Қызылорда облысы Жанакорған ауданы, Сунак ата совхозы Екпінді бөлімшесінде тұратын руы балталы Төлеген Бекенұлы дейтін қарияның аузынан 1971 жылы жазып алғаны туралы мәлімет келтіреді. Жырдың көлемі – 46 бет, 177 шумақтан тұрады. Қолжазба соңында «13/Х-1980» деп жазылған.

Қолжазбаны өткізген Мәди Болатов Жанакорған ауданының тұрғыны Төлеген Бекенұлының есімін көрсеткендіктен мұндай кісінің өмірде болған-болмағанын анықтау мақсатында сол өңірде тұратын өлкетанушы-шежіреші Оразхан Садықұлына хабарласқан едік. Ол кісі шығуына келгенде Төлеген Бекенұлы емес Бекен Төлегенұлы деген жыршының болғанын, тіпті үш күн, үш түн тоқтамай жыр айтқанын қариялардан естігенін мәлім етті. Өлең айтқанда тоқтай алмай жорғалап отыратынын айтып, содан Бекен-жорға атанғанын жеткізді. Оразхан Садықұлының айтуынша, аты Бекен де, әкесінің аты Төлеген екен. Сонда аты мен тегі ауыстырылып жазылып тұр ғой.

Біз Бекен асқалды ұрпақтарын іздеп көрдік. Сайлаухан Жартыбайұлы есімді немересін тауып, телефон арқылы тілдестік. Ол Бекен атының өте мықты жыршы болғанын, ескі жырларды көп білгенін, тіпті «Қыз Жібек», «Қозы көрпеш-Баян сұлу», «Мұңлық-Зарлық» сынды дастандарды жатқа айтқанын жеткізді.

Ол кісінің есімі – Бекен. Төлеген – әкесінің аты. Мен немересімін. Бекен атам ескі жырларды көп білетін адам еді. Үлкендердің сөзінше, жыр айтқанда тоқтай алмай жорғалап отыратын көрінеді. Содан оны Бекен-жорға атап кеткен. Шежірені де жақсы білетін. Көз көргендер Бекен-шежіре деп те атады. Бір жағынан ақындығы да бар еді, термені де әдемі орындайтын, – деді Сайлаухан Жартыбайұлы.

Ғалымдар негізге алған екінші №883-бумадағы (5-дөптер) қолжазбаны 1983 жылы Қаратай Бигожин тапсырған. «Мәтін кеңсе қағазына көк сиялы қаламмен кирилл әріпінде жазылған. Көлемі 45 бет, 405 шумақ, 1664 жол. Мәтіннен бірге шығарма жөнінде 13 бет түсінік жазылған. Онда «Елім-ай» жырдың мектепте оқып жүргенінде Ұлы Отан соғысының мүгедегі, 1923 жылы туған Ғосман есімді кісіден 425 шумағын жазып алып үйренгенін, кейіннен ұмытып 253 шумағын ғана есінде сақтап қалғанын жазса, тағы бір мәліметінде 215 шумағын 1949 жылы Теңдік атты кітапханасы қыздан жаттағанын ескертеді. Сондай-ақ Қожаберген жырға «Елім-ай» жырдың 405 шумағын Қожахмет Дәрібайұлының жалғыз немересі Махмет



К.И.Матыжанов, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры, ҚРҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор



С.Қасқабасов, ҚРҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор



Д.Ысқақ, филология ғылымдарының докторы, профессор

«Қаратаудың басынан көш келеді, Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді. Қарындастан айрылған жаман екен, Қара көзге мөлтіден жас келеді», – деп сай-сүйекті сырқырата айтылатын өлеңді жүргізіп қазакның деп соғатын әрбір жан біледі деп ойлаймыз. Қазақ тарихына «Ақтабан шұбырынды

Алқакөл сұлама» деген атаумен таңбаланған нәубетті кезеңде шыққан осы бір толғау біресе Қожаберген жырғаудыкі, біресе халық әні деп жазылып жүр. Жуырда ғалымдар осы шығармаға қатысты екішты пікірдің нүктесін қойды. Қазақ ғалымдары «Елім-айды» Қожаберген жырғау шығармаға деген қорытынды жасады.

жатқа айтты деген, енді бірде Қожахмет балуан Дәрібайұлы марқұмнан науқастанып жатқанында жазып алғаны туралы дерек береді. Сондай-ақ ертеде өткен бір ақындардың бұл жырды жатқа білгені, қолжазбалары болғаны жөнінде мәліметтер келтіреді», – делінген сараптауда.

Ғалымдар осы екі бумада (№853/1; №883) сақталған «Елім-ай» дастаны деп көрсетілген шығармаға қолжазбаның қағазы, каллиграфиялық ерекшелігі, көшірілген уақыты, көшірушісі, көркемдік ерекшелігі, жазылу мәнері секілді кодологиялық және мәтінтанулық зерттеулер жүргізіп, соның негізінде қорытынды жасаған. «Жырдың мәнері XVIII-XIX ғасырлардағы шығармаларға ұқсайды. Сол дәуірдегі дастандар түркі әдеби (кітаби) тілінде жазылған, бұл шығармада осы кезеңге тән тілдік ерекшеліктер сақталмаған. Кейбір сөз қолданыстары бүгінгі заманның жазу стиліне келеді», – делінген ғалымдар қорытындысында.

Осындай пайым жасаған ғалымдар Мәди Болатов пен Қаратай Бигожин өткізген қолжазбаларды талдады. Алдымен Мәди Болатов жазып алған нұсқаның (853/1, 10-дөптер) бірнеше жерінен мысал келтіреді. Біз де ауытқымай дәл сол шумақтарды назарға ұсынамыз және көрдік.

«Намазды уақытша тоқтатындар азаматым, Үнаса менің айтқан насихатым, Қожа-молда, ишандар артын қысың, Қоржынға салып қойсын шарығатың» (11-бет, 27-шумақ).

«Мұсылман көмектеспей мұсылманға, Бермеді қару-жарак қысылғанда. Түрікпен, естек, қырғыз, ұйғыр, дүнген, Шет болды осы күні дін исламға» (13-бет, 32 шумақ).

«Әлісіреп тозды біздің отанымыз, Болды ғой құлдарайтын қоғамымыз. Кетірген көп қазықтан берекесін, Билер мен ханға болсын обалымыз» (13-бет, 35-шумақ).

Комиссия мүшелері: «Бұл шумақтардан кенестік идеологияның ықпалы байқалады, яғни қожа, молда, ишан, би мен ханның жағымсыз образы суреттелген. Ал «азамат», «Отан», «қоғам» деген сөздер де XVIII-XIX ғасырларға тиесілі емес», – деген пайым жасайды.

Енді Қаратай Бигожин тапсырған нұсқаға, анығырақ жазсақ, 883-бума, 5-дөптерге ден қояйық.

«Көрші елге батыр болып атым жеткен, Терістік Сарыарқаны мекен еткен. Керейде Тольбай сыныш киіш ұлы едім, Жырларым үш жүз ұлын елжіреткен» (2-бет).

«Келем деп мейман болып қуаң Сырға, Қайта алмай көп киналалды мен де қырға. Елімің мүшкіл халін көзбен көріп, Қобыз ап қосып тұрмын асқақ жырға. Алатау, Алакөпден көш келеді, Көшкен сайын ат пен нар бос келеді.

Туысканнан айырылған жаман екен, Мөлдiрeн eкi көздeн жас кeлeдi» (5-бeт). «Дүнгeннiң aнaсы – қытaй, aтaсы – араб, Жaтпaды oлар тaғы тeккe қaрaп...

Тiсiсiп нaймaн, кoңыpaт, жaлaйыpғa, Мaзaсын кeтiрдi eлдiң шaбуылдaп. Сoқтықпaк ұйғыp, қырғыз тaғы бiзгe, Қoкaн, Бұқap сaтпaды мылтық, қapу. Қaзaқкa күнгeй бeттeн түpe тiтiп, Жoлдapын қapастырып oлжa тaбу.

Сoл мылтық қaзaқтaрғa сaтылмaды» (6-бeт). «Aйыpылды бaй, мырзaлар сaудaсынaн, Бeктepдiң ұшты бaқыт сaу бaсынaн. Бaстapын Қapaтaудың мұнaр жaпқaн, Сылдыpaп Сыpдың суы сылaң қaққaн» (7-бeт).

Қолжазбаның осы тұстарына комиссия да тоқталған. Олар: «Институттың қолжазба қорында сақталуы тұрған «Елім-ай» аталатын өлең мәтіндерінде XVIII-XIX ғасыр ақын-жырауларының тіліне үйлеспейтін сөз қолданыстары өте көп. Шумақтарда қазіргі қолданыстағы сөз орамдарының орын алуы халық жырларында бірін-сарап кездесіп отыратын анахронизмнен мүлде бөлек. Жоғарыдағы келтірілген мысалдардан мәтіннің көркемдігі сын көтермейтіні, авторының ақындық деңгейі төмен екені аңғарылады. Өлең өлшемі мүлде сақталмаған, шумақтардың басым көпшілігі жеңіл ұйқасқа құрылған. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында Қожаберген жырғаудың «Елім-ай» дастанының көшірмелері есебінде сақталған екі қолжазба XVIII-XIX ғасырлардағы қадиміе жазу үлгісінде емес, кеңес кезеңінде хатқа түскені анық. Авторлық ауыз әдебиеті мұраларының мәтіндік-нұсқалық ерекшеліктерін ескере отырып, текстологиялық сараптама жасау барысында бұл мәтіндердің ақиқаттығы дәлелденбеді. Авторына қатысты деректер де күмәнді», – дейді.

Қазір Мұхтар Мағауинді көп айтамыз ғой. Оның жыраулар поэзиясын зерттегенін жақсы білеміз. Мұхтар ағамыздың 13 томдық шығармалар жинағы бар. 2002 жылы Алматыдан басылып шыққан осы еңбекте: «Керей Қожаберген деген жырау болған. Алтынсарин «Хрестоматиясында» аты аталады, бір үзік толғауы жүр. Бірақ белгілі Бұқарды қайталайды. Мүмкін, ортақ сарын. Мүмкін, әуелде Қожабергенге тиесілі тіркестер. Алайда Бұқарға біржола кіріккен. Ал Қожаберген атына қатысты басқа бір нұсқалар кейінгі кездің жамауының астында қалған. Аршып алу мүмкін емес. Сөйтіп, Қожабергенмен қоштастым», – деп жазады.

Бұл жолдар тарихта Қожаберген деген жыраудың болғанын растайды. Бірақ бұл ол кісінің «Елім-айға» қатысы барын білдірмейді. Қолда бар деректерге көз жүгіртсек, А.В.Затаевич «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңіне қатысты «Елім-ай» әнінің үш нұсқасын нотаға түсіріп, 1925 жылы Орынборда шыққан «Қазақтың 1000 әні» жинағына халық мұрасы ретінде енгізген. Бірақ «Елім-ай» әнінің, «Елім-ай» дастанының авторы Қожаберген жырау екені айтылмайды. Тіпті А.Байтұрсынұлының, Х.Досмұхамедовтың, М.Жұмабаевтың, М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Х.Жұмалиевтің, Б.Кенжебаевтың, М.Мағауиннің, Ж.Тілеповтың қазақ әдебиетінің тарихына қатысты, он сегізінші ғасырдағы қазақ жырауларының шығармашылығына арналған зерттеу еңбектерінде мұндай дастан жөнінде еш дерек айтылмайды. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960-1967) алты томдық еңбекте, «Бес ғасыр жылдайды» (1984, 1989) жинағында, «Қазақ әдебиетінің тарихы» (2003-2008) он томдығында аталған жыр туралы мәлімет кездеспейді.

Осының бәрін негізге алған ғалымдардан құралған арнайы комиссия: «Текстологиялық сараптамалардың нәтижесінде М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында №853/1; №883 бумада сақталған мәтіндерді «Елім-ай» атты дастан деп таңуға, оларды Қожаберген жыраудың төл шығармасы ретінде айқындауға ғылыми негіз жоқ», – деген қорытынды жасайды.

Р.С.: Біз бірнәрсені естен шығарып алған сияқтымыз. Қандай жыр не дастан болса да, аңыз-әпсана болса да орындаушылар мен жеткізушілер өз жанынан аз-кем қосып отыратынын жасырын емес. Біздегі жыр-дастандардың бірнеше нұсқасының болуы осы сөзімізге дәлел. Мүмкін, бір кездері Қожаберген жырау «Елім-айды» бәріміз білетін «Қаратаудың басынан көш келеді» деп басталатын негізгі нұсқасын шығарған да шығар, кім білсін?! Бірақ кейінгі жеткізушілер жаңа заман дәлімен толықтырған болса ше?.. Алғашқыда дастан болмай, кейінгі орындаушылар өз жанынан қосып, дастанға айналдырған болуы да мүмкін ғой. Бұған да көңіл бөлейік дегім келеді. Түттеп келгенде, Қожаберген жырау да, қолжазбаны өткізген Мәди Болатов та, Қаратай Бигожин де, тіпті дастанды жырлаған Бекен Төлегенұлы да өмірде болған кісілер. Мұны қайда қоямыз? Қаратай Бигожин өз руының адамы болғандықтан Қожаберген жырауды дәріптеді дегендер де табылып жатыр. Ал Мәди Болатов ше? Ол керей емес қой. Ақын-термені Бекен Төлегенұлының да руы бөлек. Оларға «Елім-ай» Қожабергеннің туындысы деп айту не үшін керек? Руһылыққа салатын болса өз ата-бабалары да жетіп-артылады. Демек, бұл жерде тарқатылмаған тағы бір түйін бар. Мұнымен ғалымдар «Елім-айды» қайта сараласа деген ой айтқымыз келеді.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

МАЛДАС ҚҰРЫП ОТЫРУ ДА ПАЙДАЛЫ

Байқап жүрсеніздер, қазір біз жаппай қазақы әдеттің бірі дастарқанның айналасына малдас құрып немесе отырып тамақтанудан қол үзіп барамыз. Сылтауымыз бәрімізге жинауға, әрі аяғымыз ауыратын болғасын тұрып кетуге ыңғайлы деп биік үстел жағалап, орындықтарға қаздай тізіліп отыратын болдық. Бұрын аналарымыз, әкелеріміз қалаға барса, «қалалықтар биік үстелге отырып шай ішеді. Өте қолайсыз. Беліміз ауырады. Арқа сүйеп отыратын жастық та жоқ. О, несі екен? «Орыс ойына келгенін істейді деген». Солар орыстанып кеткен-ау», – деп жақтырмай айтып отыратын. Сосын қараша үйдің ішіне көрпеше салдырып, ортаға ұзын дастарқанды жайғызып, жата-жастанып, рахаттанып, терлеп-тепшіп, өткен-кеткеннен әңгіме қозғайтын. Дастарқан да онайлықпен қиыла қоймайтын. Ол кездің адамдарында жұмыс жоқ дейін десең, бейнеттің бәрі ауылда. Самаурын-самаурын шай кайнатып, күбі пісіп, құрт кайнатып, май шайқап, табаға нан көміп, мал сауып, бау-бақшаны гүлдендіріп, тезек теріп, отын жарып, от жағып, күл шығарып, иінағашпен



су таситын аналарымыз «орысқа ұқсамайық» деп биік үстелдерге шоши қарайтын.

Ал қазір бәрі басқаша. Ауыл болсын, қала болсын қонақ бөлмеде үстелдер қаздай тізіліп тұрмаса, қонақ шақырылмай қалатындай асып-сасады. Бір құрдасымызға бір досымыз

қарап отырмай әзілдеп «Бисеке, жаңа үйге кірдің. Даңғарадай үйің бар. Дәулетің бар. Дүкенің бар. Кластастарға бір шай беруге жарамадың ғой» деп қойып қалғанда әлгі үй салған құрдасымыз көдімгідей абыржып «Үйге әуелі сендер сиятын үстелдер мен орындықтар

сатып алайыншы. Сосын міндетті түрде қонақ қыламын» деген болатын.

Иә, шындында осы биік үстелді жағалай ас ішу күнделікті дәстүрге айналып бара жатыр десем қателеспейтін шығармын. Ғалымдар адам тамақ ішкенде малдас құрып отырғаны пайдалы екенін дәлелдеді. Яғни қазіргідей жаппай үстелде отырып тамақ ішкеннен дастарқанды жерге төсеп, малдас құрып отырған әлдеқайда пайдалы екен.

Біріншіден, еденде малдас құрып отыру йогамен айналысқанмен бірдей. Үш-төрт мезгіл осындай күйде дене мен миды босаңсытса, оған аса жағымды әсер етеді. Екіншіден, бұл ас қорыту жүйесіне қолайлы.

Адам малдас құрып отырғанда үнемі еңкейіп-тіктелу арқылы құрсақ аумағы бүлшек етін қозғалысқа келтіреді. Бұл кезде астың асқазан сөлімен араласау, оның асқазан мен ішекте дұрыс қозғалуы жақсартады.

Үшіншіден, бұл арқылы дене иілгіш болады, қуаттанады. Тізе, сегізкөз, сан, омыртқа, нық, кеуде қуысы аумақтарының бүлшек еті жұмысын жақсартады.

Төртіншіден, осындай босансу арқылы дене мен ми тыныштанады. Адам басқа ойдан арылып, ықыласы тамаққа ауады. Ол тойынғанын дұрыс сезінеді. Өйткені ол тамақты асығыс емес, баяу қабылдайды.

Бесіншіден, ғалымдар тамақты еденде малдас құрып, отырып ішудің отбасылық ынтымаққа тікелей әсер ететінін көз жеткізіп отыр. Отбасы мүшелері дастарқан басында осылай отырған кезде көп ортақ мәселе жөнінде әңгімелесіп, ақылдасуына мүмкіндік қана емес, жайлы, қолайлы жағдай туындайды екен.

Баяғы ата-бабаларымыз иоганы білмей-ақ, ғылымнан хабар алмай-ақ, ненің дұрыс, ненің пайдалы, ненің зиян екенін көрегендікпен, тәжірибемен болжаған. Қазақ халқын қалай дана демесің? Бүкіл салт-дәстүрі, отырған отырысына дейін, болмыс-бітіміне дейін ақылгөйлiк пен данагөйлiктiң иiсi аңқып тұрған жоқ па!

Қыс қыстауға, жаз жайлауға көшіретін киіз үйдің қаншама пайдасы бар. Киіз үйде ұйықтап, ерте сергек оянып, тамға кірсек қапырық болатын. Киіз үйдің ішкі әдемілігі, ортақ шаңырағы, бірлік пен берекенің ұясындай ғой, шіркін!

Шынында, ғалымдардың ақыл-көңесіне құлақтүріп, малдас құрып немесе нәзікжандыға тізе бүтіп, бір жағына майысып отырып шай құйған қандай керемет! Менікі тек құлақпағыс. Денсаулық өздеріңізге қымбат, ағайын!

Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА

